

«Ақмола облысы білім басқармасының Көкшетау қаласы бойынша білім бөлімі
Көкшетау қаласының Әл-Фараби атындағы ІТ мектеп-лицейі» КММ

**2025–2026 оқу жылының І жартыжылдығында
АПҚО туралы ақпарат**

1-қосымша

Аймақтың атауы (облыс, республикалық маңызы бар қала)	АПҚО құрылған мектептер саны	Таңдаған мектептер саны				
		«Ішкі күш» модулі	«Бала қауіпсіздігі» модулі	«Өркендеу жолындағы серіктестік» модулі	АПҚО 1.0 жаңартылған сабақтары	АПҚО 2.0 жаңартылған сабақтары
Көкшетау қаласының Әл-Фараби атындағы ІТ мектеп-лицейі	1	1	1	0	https://www.instagram.com/reel/DTatHfPDMSp/?igsh=MXdsenIyczAxYXg4dQ== https://www.instagram.com/reel/DS69EOSCFf7/?igsh=MXM1eXJudnp4eDF3ZA== https://www.instagram.com/reel/DSkfRkEDGLL/?igsh=aDdsb3d2azR2cXh2 https://www.instagram.com/reel/DRNLH3FDBZb/?igsh=MTIzeTQzaXZ1amRocQ== https://www.instagram.com/reel/DPCEnr	https://www.instagram.com/reel/DOy3WLxjIEW/?igsh=MWlucWYybWFwdGZnag== https://www.instagram.com/reel/DOzsCGfCJzI/?igsh=ZW50aWhzZjkwdmF0 https://www.instagram.com/reel/DPCEnrTjC_-/?igsh=MW5tZDE3emF5OGVoZA==

**2025–2026 оқу жылының бірінші жартыжылдығында
АПҚО туралы есеп**

2-қосымша

1. Тақырыпты таңдаудың қысқаша негіздемесі

Қазіргі білім беру үдерісінде бала тәрбиесі мен дамуы тек мектептің ғана емес, ата-ананың да тікелей қатысуын талап етеді. Осыған байланысты ата-аналардың педагогикалық мәдениетін арттыру, бала тәрбиесіндегі жауапкершілігін күшейту, мектеп пен отбасы арасындағы ынтымақтастықты нығайту өзекті болып табылады. Мектеп-лицейіндегі тәрбие жұмыстары жөніндегі директор орынбасарларының ұйымдастыруымен тәлімгер, әлеуметтік ұстаз, педагог-психолог, профориентолог, сынып жетекшілер, педагог-ұйымдастырушылар, мемлекеттік мүдделі орган қызметкерлерімен бірлесе «үштік одақ» іс-шаралары ата-аналардың бала психологиясы, оқу мотивациясы, тәртіп пен қарым-қатынас мәселелері бойынша білімін кеңейтуге, сондай-ақ балалардың тұлғалық дамуына қолайлы орта қалыптастыруға бағытталды.

2. Ата-аналармен және балалармен бірлесіп өткізілген сабақтардың форматы туралы

Ата-аналармен педагогикалық қолдау жұмысы интерактивті және тәжірибеге бағытталған форматта ұйымдастырылды. Сабақтар мен кездесулер келесі формада өткізілді:

- ата-аналар мен балаларға арналған бірлескен тренингтер;
- пікірталас және сұрақ-жауап алаңы;
- жағдаяттық тапсырмалар;
- жиналыс, ашық алаң, кері байланыс сәттері.

Бұл формат ата-аналар мен балалар арасында ашық қарым-қатынас орнатуға, бір-бірін түсінуге және ортақ мәселелерді бірлесе талқылауға мүмкіндік берді.

Өткізілген іс-шаралар:

1. Ата-аналарды педагогикалық қолдау мақсатында “Отбасы күні” қарсаңында мектеп-лицейімізде **“Отбасы құндылықтары”** атты даналық мектеп жұмысы өз жалғасын табуда. Ұрпақтар сабақтастығы, өскелең ұрпақты салт-дәстүріміз бен әдет-ғұрыптарымызға сай ұлттық құндылықтарға негізделі өткен іс-шарамызға Білім бөлімі әдіскері Бахытгуль Долайқызы қатысып, оң бағасын берді

<https://www.instagram.com/reel/DOXjmFxDKyb/?igsh=eGVnZzVmZ3Y4dzJl>

2. «Ата-аналарды педагогикалық қолдау» жұмысын іске асыру аясында ата-аналармен кездесу өтті. Ата-аналардың белсенді қатысуы мен ортақ пікір алмасуы жұмыстың жемісі болуына үлес қосты. Бірлік пен қолдаудың арқасында әр баланың дамуына қолайлы орта қалыптастыруға тағы бір қадам жасалды.

<https://www.instagram.com/reel/DRNLH3FDBZb/?igsh=MTIzeTQzaXZ1amRocQ==>

3. «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасының «Көңілді үзіліс» жобасын іске асыру аясында қоңырау уақытында Арнұрдің әжесі келіп, оқушылармен жылы жүздесу өткізді. Ата-ана балаларға тәртіп, үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсету туралы әңгіме айтып, өз өмірінен үлгі болалық тәрбиелік оқиғалармен бөлісті.

<https://www.instagram.com/reel/DSkfRkEDGLL/?igsh=aDdsb3d2azR2cXh2>

4. «Ата-аналарды педагогикалық қолдау қызметін» іске асыру аясында лицей әкелері аптаның әр дүйсенбі күндері волейбол үйірмесіне белсене ат салысады.

<https://www.instagram.com/reel/DO0NWI-DK0J/?igsh=NTRlaW8wYjBiZ3Jl>

5. “Адал азамат”:отбасы,мектеп және қоғам үндестігі. “Бала-ата-ананың бауыр еті, ұстаз-ұрпақтың тағдыр кілті”. Мектеп мен ата-аналардың ынтымақты ісі-жас ұрпақтың болашағын жарқын етудің негізгі жолы. 2025-2026 оқу жылының қамқоршылық кеңесінің алғашқы отырысында ата-аналар комитеті төрайымдарына балаларды оқыту және тәрбиелеу мәселесі бойынша мектептің ата-аналармен қарым-қатынасын күшейту, сондай-ақ берекелі отбасы мәдениетін дамыту мақсатында тәрбие жұмыстары жөніндегі директор орынбасарлары Жартанова Акмарал Кайроллаевна мен Оспанова Акжаркын Асылбекқызы «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы, ата-аналар жиналысының жаңа форматы, үш модуль, мектеп формасына қатысты заңнамалар, құқықбұзушылықтың алдын алу, бала қауіпсіздігі мәселелеріне тоқталып, даналық мектеп жұмысы, ата-аналарды педагогикалық қолдау жұмыстарымен таныстырып, ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізді.

<https://www.instagram.com/reel/DOy3WLxjJEW/?igsh=MWs1YjhneTFIc2hkZg==>

- 6.“Ата-аналарды педагогикалық қолдау жұмысын” іске асыру аясында “Тұран” шаңырағының оқушылары және аналарымен “Cooking club” іс-шарасы өткізілді.

https://www.instagram.com/reel/DPCEnrTjC_-/?igsh=cmtpcnd6ajFndXIw

- 7.“Адал азамат” біртұтас тәрбие бағдарламасының “Ата-аналарды педагогикалық қолдау” жұмысы аясында 10 «А» сынып оқушылары ата-аналарымен бірге Бурабайдың әсем табиғатында тимбилдинг өткізді

<https://www.instagram.com/reel/DPJMT7mjNwZ/?igsh=MWI2dzAyZ3docTNydg==>

8.Адал азамат” біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында “Ата-аналарды педагогикалық қолдау” жұмысын іске асыру мақсатында “Қарттар күні” мерекесіне арналған “Тұран “ шаңырағының 6 “А” сынып оқушыларымен сынып сағаты ерекше өтті! Әжелер қонақ болып, ән тыңдап, өнерпаздармен бірге ән шырқап, жүрекжарды баталарын берді.Бұл күн мейірім мен даналықтың шынайы үлгісін көрсетті.

<https://www.instagram.com/reel/DPO57PhjFKI/?igsh=MTBwNGprNGQ1cDZmMA==>

9. «Тұран” шаңырағының 10 “А” сынып ата-аналары лицей ұстаздарын жүрекжарды құттықтауымен қуантты. Бейнеқұттықтау арқылы еңбегі ерен, жүрегі мейірімге толы мұғалімдерге алғыстарын жеткізді.

https://www.instagram.com/reel/DPP_CDagqBZ/?igsh=MXJrY2ZsZ2pzdTR4eA==

10.“Адал азамат” біртұтас тәрбие бағдарламасының “Ата-аналарды педагогикалық қолдау” жұмысын іске асыру аясында лицейімізде “Қарттар күніне” орай “Қарты бар ел-қазыналы ел” мерекелік концерті өтті.

https://www.instagram.com/reel/DPRdVCXDD_2/?igsh=MW83M3lta3VkcGt1aw==

11.Ата-аналарды педагогикалық қолдау” жұмысын іске асыру аясында “Қарттар-біздің асыл қазынамыз!” ұлттық құндылықтарға негізделген іс-шарасы өтті.

https://www.instagram.com/reel/DPO_zhQjKjY/?igsh=MXBsczd1bWMzdnFjNA==

12.«Ата – аналарды педагогикалық қолдау орталығы» жобасы аясында «Адалдық пен жауапкершілік – тұлға негізі» атты тағылым алаңы өткізілді.Тағылым сағатында ардагер ұстаз, мектеп-лицей ардагерлер кеңесінің белсенді мүшесі Мағрипа Ғазиқызы 6–7 сыныптың қыз балаларына өнеге ,ғибрат пікірлерін айтса,қатысқан қадірлі әжелеріміз өмірлік тәжірибелерімен, ақыл-кеңестерімен бөлісті. Әжелеріміздің тағылымды кеңестері жас ұрпақтың жүрегіне жол тауып, бойларына адалдық пен жауапкершілік қасиеттерін сіңіруге бағытталды.

<https://www.instagram.com/reel/DQ8uaffDG4I/?igsh=MTlzOXVoam4ycXY0bQ==>

13.“Адал азамат” біртұтас тәрбие бағдарламасының “Ата-аналарды педагогикалық қолдау қызметін” іске асыру аясында ата-аналармен кездесу өтті. Ата-аналардың белсенді қатысуы мен ортақ пікір алмасуы жұмыстың жемісті болуына үлес қосты.

<https://www.instagram.com/reel/DRNLH3FDBZb/?igsh=ano3OWRlOG5rdmMx>

14. 5–6 сынып оқушыларына арналған «Жаңа жыл» мерекесі ерекше әсермен өтті. Бұл кештің басты ерекшелігі — ата-аналардың белсене қатысып, өнер көрсетуі болды. Педагог-ұйымдастырушылармен бірге құрылған “үштік одақ” (оқушы – ата-ана – ұстаз) мерекенің мазмұнын байытып, ортақ қуанышқа айналдырды. Көңілді ойындар, шығармашылық қойылымдар мен жылы атмосфера баршаға ұмытылмас сәт сыйлады. Шырша мерекесіне белсене ат салысқан ата-аналарға, қамқоршылық кеңесінің төрайымы Дюсекеева Айжан Темиргаливнаға алғыс білдірілді.

<https://www.instagram.com/reel/DStxwAIjBew/?igsh=M2N6YXNrMzZweG53>

15. «Сырласайық, ақ жеңгем» – жүректен жүрекке жол тартқан кездесу. «Ата-аналарды педагогикалық қолдау қызметі» аясында “Қыздар клубы» жобасы бойынша нәзік жандыларға арналған “Сырласайық, ақ жеңгем!” дөңгелек үстелі өтті. Кездесуге арнайы қатысқан Нұрсауле Мұратқызы – Ақмола облысы Аналар кеңесі төрайымының орынбасары, Айжан Темиргалиевна – ата-аналар қамқоршылық кеңесінің төрайымы қыздарымызға өмірлік ақыл-кеңес беріп, ұлттық тәрбие, инабаттылық пен қыз баланың қадір-қасиеті жайында тағылымды ойларымен бөлісті.

<https://www.instagram.com/reel/DTatHfPDMSp/?igsh=MWJ0eHE0ZGtmODZ0ZW==>

Бұл форматтар ата-аналардың педагогикалық сауаттылығын арттырып, балалардың өз-өзіне сенімділігін дамытуға және отбасы ішіндегі жағымды қарым-қатынасты қалыптастыруға ықпал етеді.



Ата – аналардың пікірлері - сабақ мақсатына қол жеткізу. “Ата-аналарды педагогикалық қолдау жұмысы” аясында “Адал азамат тәрбиелеудегі қолдаушы-ұстаз, жауапты-ата-ана және қауіпсіз мектеп” ата-аналар жиналысынан кейінгі өткізілген кері байланыс

<https://www.instagram.com/reel/DOgYwpeDMKH/?igsh=bzl1MGd0ZDI5emJx>

Белсенді ата-аналарымыздың бірі Дусмогомбетова Мадина Темербулатовна қамқоршылық кеңес отырысы бойынша өз пікірімен бөлісті.

<https://www.instagram.com/reel/DOzsCGfCJzI/?igsh=MWRtbWtvNTAwNGl3YQ==>

Өткізілген іс-шаралар бойынша ата-аналардан кері байланыс сәтінен үзінді



Cooking
ңыз үшін,
ділік
ахмет!
алалардың
ілікпен қарап,
сетіп жүрсін,
еген ниетіңіз
құрметтеп,
е біздің
тұлға болып
німдімін!

Бейбарыстың Анасы 9a

Сәлеметсіздер ме ата-аналар, Гүлдина Талғатқызы!

Кешегі күніміз керемет өтті, бізге ауа-райы да әсер етпеді. Бастысы жақсы көңіл-күй болса ештеңеге қарамайды демекші, ауа-райына жаңбырдың жауып тұрғанына қарамай "Бөлек тауға" да көтерілдік, тренд те түсірдік. Барлығы тамаша 🔥

🔥🔥 Ұйымдастырушы ата-аналарға, кураторымызға көп-көп рақмет. Сыныбымыз ұйымшыл болсын, аман

Кеш жарық 10 А сыныбы
Бүгінгі тимбилдингті жоғары деңгейде ұйымдастырушыларға үлкен рақметі Әйгерім Бұлатова.

Ернардың Анасы 8b

Сәлеметсіздер ме!

Өте керемет демалыс болды. Балалар есейіп қалыпты. Ән салып, ойын ойнап, өзара араласып, әдемі жүрді. Дәл осылай көз алдымызда қуанып өсе берсін!

Барша ата-аналарға, әсіресе ерекше белсенділік танытқан Гүлнар Таласпековнаға, Гульдина Талғатовнаға айтарымыз алғыс 🌸🌸🌸

20:05

енгізіледі:

- тақырыптарды ата-аналардың сұранысына сәйкес нақтылау (жас ерекшелік психологиясы, цифрлық қауіпсіздік, жасөспірімдер тәрбиесі);
- практикалық бағыттағы сабақтардың үлесін арттыру;
- әкелермен жұмысты жандандыру;
- онлайн және офлайн форматты үйлестіре отырып өткізу.

АПҚО 1.0 және АПҚО 2.0 бағдарламаларының жаңартылған мазмұны вариативті тәсіл негізінде, ата-аналар мен білім алушылардың өзекті қажеттіліктерін ескере отырып жүзеге асырылуда. АПҚО қызметін ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулық пен презентациялық материалдар институттың ресми сайтында орналастырылған ұсынымдарға сәйкес қолданылды.

3.Тақырып, мазмұн және өткізу форматы бойынша ұсыныстар

Алдағы уақытта ата-аналармен педагогикалық қолдау жұмысын жетілдіру мақсатында келесі ұсыныстар

Қорытынды

2025–2026 оқу жылының I жартыжылдығында ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығының жүргізген жұмысы өзінің тиімділігі мен сұранысқа ие екендігін көрсетті. Тренингтік бағдарламаларды іске асыру мектеп пен отбасы арасындағы әріптестікті нығайтуға, ата-аналардың педагогикалық құзыреттілігін арттыруға және білім алушылардың психологиялық қауіпсіздігі мен үйлесімді дамуына жағдай жасауға ықпал етті.